

АЗАМАТТАРДЫҢ САЯСИ ҚҰҚЫҚТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНА СИПАТТАМА

Билялова М.И., заң факультетінің докторанты, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ

Қазақстан Республикасында азаматтардың саяси құқықтары мен бостандықтарына азамат пен мемлекет арасындағы қатынастардан туындайтын, азаматтың билікке қатысу жағдайларының айқындалуынан көрініс беретін құқықтар мен бостандықтар жатады.

Мемлекетті ұйымдастырудың ең маңызды мәселесі- өкілетті органдарды құру. Азаматтардың саяси құқықтары дегеніміз не? Қазіргі кезде бұл сұрақ төңірегінде өзекті мәселелер көп, оған дәлел болып, мемлекеттік басқаруға және қоғам өміріне қатысуға бірлестіктер мен саяси партиялар құру, сөз бостандығы шеңберінің кең болуы. Осы мәселелерді ескере отырып жоғарыдағы сұраққа жауапты былайша ашуға болар.

Конституциясы – жеке тұлғаның аса маңызды, әлеуметтік құқықтары мен бостандықтарын бекітеді. Әрбір адам белгілі бір азаматтық қоғамға тиесілі болады, содан келіп оған әлеуметтік-экономикалық құқықтар жүктеледі. Келесі кезекте саяси қоғамдастықтың мүшесі ретінде тұлға саяси құқықтар мен бостандықтарға ие болады. Ал, саяси құқықтар мен бостандықтар мемлекеттік билікті жүзеге асыру процесінде қоғамдық қатынастар жүйесіндегі азаматтың құқықтық жағдайын белгілейді. Бұл ретте саяси құқықтар мен бостандықтардың табиғи сипаты Қазақстан Республикасында биліктің бірден- бір бастауы Қазақстан халқы болып табылады деген қағидадан келіп шығады. Азаматтарға кең ауқымды саяси құқықтар мен бостандықтар берілген. Оларға: белсенді және бәсең сайлау құқығы; республикалық референдумға қатысу құқығы; мемлекет ісін басқаруға қатысу құқығы; мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы; сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік құқығы, яғни сөз бостандығы құқығы; бірлесу бостандығы құқығы және азаматтардың бейбіт жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар өткізуге құқылы [1; 33-38].

Қазақстан Республикасының Конституциясында саяси құқықтар мен бостандықтар өз көрінісін 32 – 33 баптарында алды [2]. Азаматтардың саяси билікке қатынасы саяси құқықтары мен бостандықтарының негізінде әлеуметтік бағытты, саяси бостандық деңгейі және сонымен қатар, саяси үрдістерге қатысу мен мемлекеттік басқаруға ұмтылу болып табылады.

Саяси құқықтар мен бостандықтарды – мемлекеттік билікті жүзеге асыру және мемлекеттің қоғамдық – саяси өміріне араласу және қатысуға мүмкіндік беретін заңмен қамтамасыз ету болып табылады.

Демократиялық мемлекеттік заңнамалығында және тәжірибеде бекітілген, буржуазиялық революция кезеңінде қалыптастырылған адам құқықтарының ең бірінші ұрпақтарына саяси құқық ең маңызды элемент болған. Саяси құқық ұғымын ашпас бұрын «саясат» ұғымын анықтап алған жөн. Саясат – қоғамның мәні бар мүдде мен қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін пайда болған саяси субъектілерінің арасында билікке байланысты іс - әрекет қызметі болып табылады. Яғни, мемлекеттік және қоғамдық істер, адамдар, әлеуметтік топтар, халықтар мен мемлекет арасындағы айқын көрінетін және өкімет билігі жөніндегі қатынастарға байланысты қызмет саласын білдіреді [3].

Олай болса, саяси құқықтар мен бостандықтар адам және азаматтардың негізге конституциялық құқықтық топтардың бірі және әлеуметтік, экономикалық және өзге де жеке құқық бере отырып, елдің қоғамдық және саяси өміріне араласуға мүмкіндік береді. Елді қорғау құқықтар мен міндеттілігі, ақпарат бостандығы, өтінім құқығы, жиналыс, бірлесуі, сайлау құқықтарына иелене отырып, қоғам мен мемлекеттің басқаруына қатысу құқығын кең көлемде қамтиды. Саяси құқық ол нақты белгілі бір мемлекетпен немесе мемлекеттің өзімен қарым – қатынастарға түсуі. Әдетте, саяси құқық – нақты бір мемлекеттің азаматтығына жататын саяси құқық байланысы. Азаматтардың негізгі саяси құқығы мен бостандықтарын нақты жүзеге асыру, ол тек ұлттық құқық негізінде қарастырылатын тиімді үрдістер мен механизмінің арқасында дамуын айтуға болады.

Мемлекетіміздегі азаматтардың, мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың саяси құқықтары мен бостандықтарының сақталуы мен қорғалуы Қазақстан Республикасының Конституциясымен және өзге де заңдармен кепілдік берілген. Мысалы, Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы», «Парламент және депутаттар мәртебесі туралы» Конституциялық Заңдарымен, «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Жәсіптік одақтар туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы», «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарымен, сонымен қатар Президенттің Жарлықтары және осы мәселеге тиісті өзге заңдармен реттеледі.

Қазіргі кезде саяси құқықтың элементтері ретінде мыналар танылады: сайлау құқығы, сөз бостандығы, жиналыс, митинг, демонстрациялар, одақтар танылады. Аталған әрбір элементтің дамуы, қоғам мен мемлекет үшін жекелеген мәселе болып табылады. Саяси құқықтың элементтерін іске асыру, заңда бекітілген міндеттерге сәйкес бола отырып, саяси құқықтар мен бостандықтарды шектемеуге тиіс.

Азаматтардың саяси құқықтықтарының ішінде маңызды рөлге ие, ажырамас элементтердің біріне яғни, сайлау құқығына тоқталып өткен жөн.

Сайла және сайлану құқығы Қазақстан Республикасы азаматының ең басты саяси құқығы.

Сайлау құқығын – саяси құқықтар мен бостандықтарға жатқызу қажет. Республикадағы сайлау Республика азаматының сайлау және сайлану құқығы жүзеге асыруына негізделеді. Ол саяси сферада адам өмірі қызметінің ұлттардың, кластардың, топтардың арасындағы мемлекеттің қызметіне қатысу және оның қызмет мазмұнын, формасын анықтау барысында мемлекеттік билікті дамыту және мәселені шешумен байланысты. Заң әдебиеттері мен Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» Конституциялық заңның негізге ала отырып жалпыға бірдей сайлау құқығын белсенді, яғни сайлау құқығы- Республиканың он сегіз жасқа жеткен азаматтарының тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мелектік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан, сайлауда дауыс беруге қатысуға құқығын айтсақ. Ал, бәсең сайлау құқығы- Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихатының депутаты немесе жергілікті өзін-өзі басқару органына мүше болып сайлану құқығы [4].

Аталмыш мәселеге байланысты Ғ. Сапарғалиевтің көз қарасы бойынша сайлау және сайлану конституциялық құқықтарды дамытуды сайлау іс-әрекетін жүргізуге дайындалу барысында тек жүзеге асыру үшін қарастыруға болмайды, -деген. Демократиялық мемлекет құру мақсатында, Қазақстан азаматына саяси сипаттағы айтарлықтай кең мөлшердегі құқық пен бостандық кепілдігі берілген [5].

Елімізде сайлауға қатысу әркімнің ерік білдіру бостандығы болып табылады. Сонымен қатар сайлауға қатысу кез келген азаматтың азаматтық борышы. Әрбір мемлекет сайлауға азаматтардың басым көпшілігінің қатысуына жағдай туғызады. Сайлауға қатысу — азаматтардың бейкам бақылаушы емес, өз елі үшін жаны ауыратындығының көрсеткіші. Бейкамдық пен қатыспаушылық жағымсыз құбылыстарға жол ашады. Сайлаушылардың сайлауға келмеуі абсентеизм деп аталады.

Қазіргі ғылымдарда құқықтарды әділ жүргізіп дамыту тек пайдалану процесінде ғана емес, сонымен қатар басқада жағдайлар қарастырған. Құқықтарды дамыту бұл үрдістің белгілі қорытынды нәтижесін болжай отырып, іс - әрекетпен мақсат арасындағы қатынастар арқылы қол жеткізу болып табылады. Сайлау процессі шегінде тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын өз дамуын табады:

- 1) Заңды әдіспен кез келген ақпаратты таратуға, алуға, беруге, өндіруге құқығы;
- 2) Бірлесу құқығы;
- 3) Жиналыс, митинг, демонстрацияларға қару жарақсыз, бейбіт жолмен жиналысу құқығы;
- 4) Жеке өтінімге, сонымен қатар, жеке – дара және ұжымдық өтініштерді мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін - өзі басқару органдарына жолдау;
- 5) Мүлікпен біркелкі басқару құқығы;
- 6) Заңмен тыйым салынбаған әдістерден басқа, өз құқықтары мен бостандықтарын барлық әдістермен қорғау құқығы.

Ғалым М.С. Матейковичтің «Тұлғаның құқықтары мен бостандықтар жүйесінде азаматтардың субъективті сайлау құқықтары» атты мақаласында соңғы кездегі, шетелдіктерді бөлек саяси құқықтарымен қамтамасыз ету тенденциясы қарастырылған. Онда былайша мысалдар келтірілген, 1975 жылдан бастап Швеция құқықығында шетелдіктерге муниципалдық және аудандық органдарына қатысуы және кем деген де 3 жыл сол елде тұру мүмкіндігі берілген. Кейін муниципалдық сайлауларда сайлау құқығы әртүрлі талаптарға сай, Ұлыбритания, Дания, Литва, Нидерланды, Норвегия, Словения, Эстония және өзге де елдерде тұратын шетелдіктерге берілген. Ресей Федерациясында шетел азаматтары жергілікті өзін - өзі басқару органдарында сайлау құқықтарына иелену және муниципалдық білім беру аумағында тұратын, Ресей мен қажетті шетел мемлекеттің арасында Ресей Федерацияның заңнамасына байланысты шарттарға отыру негізінде жүзеге асырылды. Бірақ бір ғана халықаралық шарт әрекет еткен, кейін ол да өз күшін жойды. Азаматтардың құқықтық мәртебесі туралы Шарттың 4 бабына сәйкес, бір мемлекеттің аумағында басқа шетел азаматы тұрса шартқа сәйкес бірдей құқықтар мен бостандықтарға ие болады [6].

Қазіргі кезде сайлау құқығын белгілі бір мемлекетке тән сайлау өткізілетін аумақтарда тұратын азаматтарға береді. Бұл бізге заңнаманы қалыптастыру барысында теорияда «азаматтардың саяси

құқықтары» дегенді пайдалануға мүмкіндік береді және «азамат» деген сөз нақты құқықтық байланысқа ие болады.

Азаматтардың субъективті сайлау құқықтарына анықтама мен түсініктеме беру қажет. Халықаралық құқық нормаларымен жалпылай қабылданған, кәмілетке толған азаматтардың конституциялық және конституциядан бастамасын алатын, сайлау және өзге де процессуалдық іс-әрекеттерімен байланысты ұжымдық ерік ықтиярлық бостандықтарының негізінде жүзеге асырылатын мемлекеттік және муниципалдық билік органдарының өкілдері арқылы сайлауға мүмкіндік беретін, жергілікті мәні бар мәселені шешу және мемлекеттердің басқару іс - әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Азаматтардың сайлау құқықтарын дамыту заңдық, әлеуметтік – экономикалық, саяси сипаттағы қиыншылықтармен ұштасып отырады.

Осыдан шыға келе, азаматтардың сайлау және сайлану құқығын дамыту және өзге де сайлау іс - әрекеттеріне қатысу, мемлекетаралық ұйымдарды қамтамасыз ету және азаматтық қоғам мен азаматтардың өздеріне мәжбүрлі механизмді жүзеге асыру қажет. Сонымен қатар, өмірдің өзі мемлекет пен қоғам алдына әртүрлі тапсырыстар мен күрделі мәселелер қояды. Яғни, олар тек белгілі бір стратегиялық білімді қажет етіп және мемлекет пен қоғамның негізге қызметі болып табылады.

Қазіргі кезде адам және азаматтардың саяси құқықтары мен міндеттерін дамыту стратегиясының негізгі мәселенің бірі – қолайлы институттық ұйымды құру. Жеке адамның бостандығын және құқықтарын қорғауын толық жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті адам құқығы жөнінде Уәкіл Институты құралды. Бұл институт басқа мемлекет институттарымен бірлесіп жұмыс жасаған жағдайда Президенттік институттың стратегиялық мақсаты болып табылатын жеке адамның мемлекеттік құқықтық тетігін нығайтып түрлендіреді. Бұл институттың саралаудан өткізілгеннен кейін тиісті заң қабылдап, оның құқықтық мәртебесін көтеру тиіс.

Мысалы, қолайлы орта құру, кадрларды таңдау, саяси атмосферада адам және азаматтардың құқықтарын қорғау жаңа әрі сапалы қалыптастыруға әкеліп соқтыратын ұйымдар құру болып табылады. Құқықтық регламентациялау адам және азаматтардың саяси қатынастарын дамытуға бағытталған механизм арқылы шешуді көздейді. Азаматтардың сайлау құқықтарын қорғау тиімділігі мемлекеттік және муниципалдық билік органдарын легитимді деп санауға мүмкіндік бере отырып, сайлау шындыққа негізделіп жүргізілетін болады.

Қазақстан Республикасында саяси әрекет қабілеттілігі 18 жастан бастап пайда болады. Азамат мемлекеттің іс - әрекетіне «Сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңнамасына байланысты қатыса алады. Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» Конституциялық Заңына байланысты Республика Президентінің, Парламентінің Сенаты мен Мәжілісі, маслихаттары депутаттарының және жергілікті өзін - өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын әзірлеу мен өткізу кезінде пайда болатын қатынастарды реттейтін, сондай – ақ Республика азаматтарының ерік білдіру бостандығын қамтамасыз ететін кепілдіктерді белгілейді.

Бұрынғы Кеңес үкіметі құлдырап, Қазақстанда жаңа саяси – экономикалық және әлеуметтік жүйе қалыптастып, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының негізінде демократиялық, құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретінде пайда болды. Жоғарыда атап айтқан құнды қазынасы халық және оның құқықтар мен бостандықтары. Тәуелсіз Қазақстан ілгер жүретіндіктен, адам және азаматтардың құқықтар мен бостандықтарын қамтамасыз ету демократиялық құқықтық мемлекеттің негізгі мәні болып табылады.

Саяси құқықтар мен бостандықтарды дамуы қазіргі кезде өте өзекті мәселеге айналғандықтан мемлекеттік органдар жағынан қадағаланып отыру қажет. Сонымен қатар үнемі қолдайтын және президент институты мен демократияға кепіл болатын органдар қажет. Яғни, мемлекетті құрудың ең басты проблемасы- органдарды қалыптастыру. Ал, Қазақстан Республикасының азаматы барлық: аудандық, қалалық, облыстық мәслихаттардан Республика Парламентіне дейінгі деңгейдегі өкілетті органдарды қалыптастыруға тікелей қатысып отыруы тиіс [3].

Сондықтан саяси құқықтар мен бостандықтарды қорғау мәселесі тек енді дамитын елдерде ғана емес, көптеген дамыған мемлекеттерде ең маңызды мәселенің бірі болып қала береді. Осы және көптеген мәселелерді шешу барысында ең алдымен сайлау заңнамасын одан әрі жетілдіру қажеттігін талқылаған жөн. Яғни негізгі мәселелерді шешу үшін, басты қадам заңнамадан алады. Қазақстан Республикасының сайлау заңнамасына ең біріншіден өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы, күрделі мәселелер туындаған жағдайда оны шешу үшін тиімді жолдарын көрсетіп кеткен жөн.

Міне осыдан қортынды жасайтын болсақ, бұл өзекті сұрақ төңірегінде әлі де зерттелетін мәселелер жеткілікті. Сайлауда әркімнің даусы ерекше маңызды. Кез келген адам өзінің бүгінгі күнгі нақты өмірі арқылы болашаққа ықпал жасап өз мүддесін қосады. Өз болашағын кез келген азамат

бүгінгі жасаған таңдауы арқылы айқындайды. Содан болар, сайлаудың маңыздылығы және сайлаудағы әрбір дауыстың маңыздылығы да, міне, осында. Демократиялық қоғамның кез келген саналы азаматы өзінің белсенді сайлау құқығын тек қана құқығы ретінде емес, міндетім деп қабылдауы қажет. Жоғарыда атап кеткен мәселелерді қортындыласақ кімді сайлау керектігін айқындау үшін саяси сауатты болуы керек, айналамызда болып жатқан оқиғалардан, саяси партиялардың және олардың жетекшілерінің іс-әрекеттерінен, көзқарастарынан хабардар болу керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Амандықова С.К. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: оқу құралы. - Астана: «Фолиант», 2001.-33-38 бб.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы (2017 жылдың 10 науырыздағы өзгерістер мен толықтыр бойынша) // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1700000051>
3. Исақова Г.К. Права человека в Республике Казахстан: Учеб.пособие. - Семипалатинск: Изд-во Семипалат.гос.ун-та., 2001 Ч.2. - 157с.
4. Қазақстан Республикасының Сайлау туралы Конституциялық заңы (2017 жылдың 1 қаңтардағы жағдайы бойынша өзгерістер мен толықтыр)//<http://adilet.zan.kz/docs/Z950002464>
5. Сапарғалиев Ғ. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. Академиялық курс./Алматы:Жеті жарғы, 2004. 2-басылымы. -112-113бб
6. Матейкович М.С. Субъективные избирательные права граждан в системе прав и свобод личности//Правоведение. - 2003. - N1. - С. 31-39

АДАМНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Алиева И.Ж., заң факультетінің докторанты, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ

Әлеуметтік-экономикалық құқықтар ішінде Қазақстан Республикасының конституциясында бекітілген адамының денсаулығын сақтау құқығы ерекше орын алады. Әлеуметтік құқықтар ішінде маңызды құқық ретінде танылып, басқа құқықтардың қолдануына үлкен ісерін тигізеді.

Адам және азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын бекітуде мемлекеттер әртүрлі даму жолдарын таңдаған болатын. Негізінен әлеуметтік-экономикалық құқықтардың туындауы ХХ ғасырда дүниежүзілік соғыстан кейін әлеуметтік мемлекет тұғырнамасымен бірге пайда болды деген тұжырымдамалар басым болғанымен ХІХ ғасырдың Конституцияларында меншікті, еркін сауда бостадығын бекітетін нормалар өз көрінісін тапқан болатын. Айтылып отырған құқықтар тобының бекітілуі Францияның 1793 жылғы Конституциясында келесі түрде толық сипатталған:

16 бап. Меншік құқығы әрбір азаматқа өзінің мүлкімен, кірістерімен, еңбегі мен кәсібінің жемістерімен қолдану және иеленуді білдіреді.

17 бап. Азаматтарға қандай да болсын еңбекпен, жер өңдеумен, кәсіппен, саудамен айналысуға тыйым салуға болмайды [1, 174]. Ал ХХ ғ. мемлекеттердің конституцияларына мемлекеттің экономикалық өмірге араласу мүмкіндігін бекітетін нормалар енгізіле бастады. Бірақ бұл нормалардың барлығы жалпы экономикалық тәртіпті бекітетін болғандықтан «норма-принцип», «норма-мақсат» түрлерінде бекітіледі. Адамның экономикалық құқықтарының дамуы негізінен дүниежүзілік соғыстан кейінгі «жалпыға бірдей игілікті мемлекет» теориясының қалыптасуы мен экономикасының дамуымен байланыстыруға болады. Осы бағытта экономикалық-әлеуметтік құқықтардың адам өміріндегі маңыздылығын анықтап, оларды Конституцияда қандай тәртіппен бекіту қажеттілігін айқындауға байланысты мәселелер туындай бастады. Өйткені Конституцияларда бекітілген негізгі құқықтар, оның ішіндегі экономикалық құқықтар адамның өміріне қажетті негізгі құқықтар сипатына ие болады және де осы жағдайға байланысты мемлекет алдында осы құқықтардың тікелей әрекет етуін қамтамасыз ету мәселесі туындады. Оның себебі адамның жеке және саяси құқықтарының Конституцияға сай тікелей әрекет етуін қамтамасыз етуге болғанымен, экономикалық құқықтардың жүзеге асырылуы мемлекеттегі қалыптасқан саяси тәртіп пен экономиканың дамуына әрқашанда бағынышты. Әлеуметтік-экономикалық құқықтарды бекітерде мемлекеттің алдында бір жағынан жеке тұлғалардың еріктерін қамтамасыз етудің кепілдіктері мен екінші жағынан өмір сүруге қажетті игіліктерді үлестіруді жүзеге асыру мәселесі туындады. Осы жағдайға байланысты мемлекеттерде әлеуметтік-экономикалық құқықтарды конституцияда бекіту